Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі

ХАТТАМА

Астана қаласы **№ 3** **3 наурыз 2026 жыл**

2026 жылғы 10 ақпанда №16271260-1 мемлекеттік сатып алу қорытындылары бойынша ашық конкурс тәсілімен ұйымдастырылған «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыру аясында медиация институтын дамыту және ілгерілету» жөніндегі шағымды қарау арналған комиссияның отырысы.

Төраға
Вице-министр – **Құрманова Айзада Амангельдыкызы;**

Хатшы
Әкімшілік жұмыс және мемлекеттік сатып алу департаментінің бас сарапшысы – **Шабанова Арайлым Қалымқызы;**

Қатысқандар:
Әкімшілік жұмыс және мемлекеттік сатып алу департаментінің директоры – **Мелдебеков Шыңғыс Қасқырбекұлы;**
Заң департаменті директоры – **Байжуманов Алибек Болатұлы;**
Әкімшілік жұмыс және мемлекеттік сатып алу департаменті директорының орынбасары – **Егембердиев Дидар Қуандықұлы;**
Азаматық қоғам істері комитетінің төрағасы – **Сұлтанова Гүлбара Бекетқызы;**
Азаматық қоғам істері комитеті төрағасының орынбасары – **Альжанова Жанаргүл Балғабекқызы;**
Қоғамдық-саяси жұмыс басқармасының басшысы – **Сахтанов Дияс Ержанұлы.**

КҮН ТӘРТІБІ

2026 жылғы 27 ақпанда әлеуетті өнім беруші - «BasQary» қоғамдық қорынан (БСН 170440004006) шағым келіп түсті, онда:

81722954-ГСЗ1 лоты бойынша бағалауда келесі заң бұзушылықтар орын алды:

1. **Әлеуетті өнім беруші ұсынған жобаны бағалау хаттамасында түсініктемеде мемлекеттік тілде ұсынылмаған.**

Бағалауда көрсетілген «предлагаемый проект потенциального поставщика не содержит всех требований разделов технической спецификации Заказчика- вместо республиканской конференции предложен круглый стол, отсутствует раздел по разработке и согласованию календарного плана» қатысты:

«Республикалық конференция» жоспарланған өңірлік конференция шарасы аясында қосымша өткізу жоспарланған және «Іске асырылатын жоспардың

мерзімдері қажет болған жағдайда тапсырыс берушімен қосымша пысықталады» деп көрсетілген.

2. **Жұмыс тәжірибесінің болуы өлшемі бойынша** BasQary ұйымының өтініміне 2 баллы тағайындалды. Ұйымның аталған өлшем бойынша «**сатып алынатын қызметтердің нысанасына, мақсаттарына сәйкес келетін ұқсас қызметтерді көрсету нарығында** әлеуетті өнім берушінің екі жылдан астам және бес жылға дейінгі жұмыс тәжірибесі» өлшемінде 6 балл иеленуі қажет.

Осыған сәйкес аталған барлық бағалау және қабылданған шешім бойынша түсініктеме беруді және хаттаманың күшін жоюды сұраймыз.

ОТЫРЫС БАРЫСЫ

Комиссия «BasQary» қоғамдық қорының шағымында көрсетілген уәждерді қарап, төмендегіні анықтады:

1. Комиссия атап өту керек, хаттаманың бағалау жобасы бойынша комментарий мемлекеттік тілде емес, орыс тілінде берген. Алайда бұл жағдай тек **формальдық сипатқа ие** болып отыр және Комиссия шешімінің заңдылығына, сондай-ақ ұсыныстың техникалық талаптарға сәйкес келмеу фактісіне ешқандай әсер етпейді. Жалпы, хаттама мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалды.

Тапсырыс берушінің мемлекеттік сатып алу техникалық ерекшеліктерінің 1.2) тармағына сәйкес медиаторлардың кәсіби мерекесіне арналған **республикалық конференцияны** ұйымдастыру және өткізу қажет. Бұл – өңірлік конференциялардан **бөлек өткізілетін іс-шара**.

Үміткер ұсынған техникалық ерекшеліктерде «республикалық конференция» көрсетілмеген.

«Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 Бұйрығының 460-тармағының 1-тармақшасына сәйкес әлеуетті өнім беруші ұсынатын жоба Тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігінің талаптарына сәйкес келуге тиіс.

Осыған орай, Сіздің арызыңызда көрсетілген «республикалық конференция өңірлік конференция аясында өткізіледі» деген ұсынысыңыз Комиссияның шешімін қайта қарауға негіз бола алмайды.

2. Қатысушыларды бағалау қағидаларына сәйкес, әлеуетті қызмет көрсетушінің **медиация саласына** *(осы конкурста)* қатысты еңбек өтілі 5 жылдан 8 жылға дейін болған жағдайда 6 балл қойылады.

Конкурстық құжаттамаға жоғарыда көрсетілген Қағидалардың 21-қосымшасына сәйкес, «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыста көзделген қызметтерді мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурсқа қатысуға әлеуетті өнім берушілер ұсынған өтінімдерді бағалау өлшемшарттары», 6 балл сатып алынатын қызметтердің нысанасына, мақсаттарына сәйкес келетін ұқсас қызметтерді көрсету нарығында әлеуетті өнім берушінің екі жылдан астам және бес жылға

дейінгі жұмыс тәжірибесінің болуы үшін беріледі. Сіз тізімдеген жобалардың ішінде медиация саласында қатысты жобалар жоқ.

Бұл ретте, мемлекеттік-әлеуметтік тапсырыстың медиация институтын дамытуға және ілгерілетуге бағытталғанын айта кету керек.

Қағидалардың 21-қосымшасына сәйкес, сатып алынатын қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар көрсетілген қызметтер актілерінің және шот-фактуралардың электрондық көшірмелері болып табылады. Осы орайда, тиісті құжаттармен расталған 2018, 2019, 2025 жылдардағы «BasQary» қоғамдық қорының жүзеге асырылған әлеуметтік жобалары есепке алынды. Сондықтан, 2-ден 5-жылға дейін жұмыс өтілі есепке алынып, тиісінше 2 балл қойылды.

ТЫҢДАЛДЫ:
Мелдебеков Шыңғыс Қасқырбекұлы _____
Егембердиев Дидар Қуандықұлы _____
Байжуманов Алибек Болатұлы _____
Сұлтанова Гүлбара Бекетқызы _____
Альжанова Жанаргүл Балғабекқызы _____
Сахтанов Дияс Ержанұлы_____

СӨЙЛЕДІ:
Шабанова Арайлым Қалымқызы

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

Қағидалардың 592-тармағына сәйкес «BasQary» қоғамдық қорының шағымы қанағаттандырусыз қалдырылсын.

Төраға **А. Құрманова**

Хатшы **А. Шабанова**